e-mail: kostanaytany@mail.ru www.kostanaytany.kz

Қостанай таңы

Облыстық газет 1922 ж. 25 маусымнан шыға бастады

20 сәуір 2018 ж. жұма №46 (18694)

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

Қамқорлыққа кедергі бар ма?

Қарлығаш ОСПАНОВА

Мүмкіндігі шектеулі жандарға қол ұшын созып, жәрдемдесу кім-кімнің болмасын міндеті. Осы орайда, мемлекет тарапынан да жасалынып жатқан жұмыстар да, жақсылықтар да аз емес. Қостанай облысында да ондай жандардың тұрмыс тауқыметін жеңілдету бағытында тиісті шаралар қолға алынған. Десе де, мүмкіндігі шектеулі жандарды толғантқан мәселелер де жоқ емес. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон департаментінің басшысы Мұрат Мұратбеков айтып берді.

Департамент басшысының айтуынша, бүгінде өңір халқының әл-ауқатын арттыру мақсатында кешенді шаралар қолға алынған. Биыл да әлеуметтік көмек түрлері арта түспек.

– Елбасымыздың тапсырмасына орай, биыл қаңтардан бастап ынтымақты зейнетақы 8 пайызға, ал базалық зейнетақы 6 пайызға өсті. Мүгедектік, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақы да 16 пайызға дейін көтерілді. Айта кетер жәйт, соңғы 19 жыл ішінде зейнетақы көлемі бірнеше рет көтерілді.

3-бет.

Суретті түсірген Бердіболат КӨРКЕМБАЕВ.

ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

Жұмысты жеделдету қажет

Қарлығаш ОСПАНОВА

Облыстық аурухананың мәжіліс залында облыс әкімі А.Мұхамбетовтың қатысуымен «Денсаулық сақтау саласының 2017 жылғы қызметінің қорытындылары мен 2018 жылға арналған міндеттері» туралы алқа отырысы өтті. Оған аудан әкімдерінің орынбасарлары мен денсаулық сақтау мекемелерінің бас дәрігерлері қатысты. Жиында өңірде «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасының жүзеге асырылуы, бала өлімін төмендету, облыстағы санитарлық-эпидемиологиялық ахуал, міндетті медициналық сақтандыру жүйесінің орындалу барысы жайлы мәселелер қаралды.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Е.Дәуітбаевтың айтуынша, 2019 жылға дейін барлық елді мекендердегі емдеу мекемелері компьютермен жабдықталатын болады. Бүгінде өңірдің қырық медициналық ұйымдарында Dmed кешенді медициналық ақпараттық жүйесін енгізу бойынша кезеңдік жұмыстар жүргізілген. Бұл мақсатқа облыс бюджетінен 1 млрд теңге бөлінген көрінеді. Соның ішінде, 2017 жылы 360 млн теңге КМАЖ енгізуге, 73 млн теңге компьютермен жабдықтауға жұмсалған. Ал, ағымдағы жылы 232,3 млн теңге кең жолақты интернет желісін қосуға, ал 388 млн теңге компьютерлендіруге бөлініп отыр. Осының арқасында қазіргі таңда облыс тұрғындарының 15 пайызы электронды денсаулық төлқұжаттарына ие екен. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 50 пайызға жеткізу көзделген. Мамандардың сөзінше, электронды төлқұжатпен азаматтар жеке кабинетке кіріп дәрі-дәрмектерді алғанын растай алады және диагностикалық зерттеулердің нәтижесін де көре алады.

2-бет.

БАС РЕДАКТОР ӘЛЕМІ

Жанұзақ АЯЗБЕКОВ

Тыныш жүре алсақ...

Айтпайын деп үнсіз жүру мүмкін емес екен. Өйткені, біздің енді кәсібіміз солай..

Қазіргі тұрғылас-замандастарымызды қалай десем екен, өздері біртүрлі... Алды жетпістің жотасына таяп қалды, арты алпысты алқымдап-ақ тұр. Бұрындары бұ жастағылар отағасы, сақал-мұртты, тақиялы, иықта шапан дегендей егделіктің атына мініп қоятын еді. Кәдімгідей байсалды, қорғасындай ауырлай беретін. Бас қосылған жерде пәтуәлі сөз, тартымды әңгіме айтылып, жүріс-тұрысы да жарасымды болушы еді. Ал қазір бас-қа-а...

Байқап жүрміз. Басы қосылса айтатыны қысыр саясат, ағайынның бағы мен тағы төңіректегі күңкіл... Бірде сол бәтшағардың біріне «Әу, ақсақал» дей қалып ем, кәдімгідей-ақ тоңқылдап, торсаңдады. Көңіліне қарасам, өзін қылшылдаған жас көреді, қартайдың деп айтпа, қартаймаймын деп тұр...

Бір жолы «ватсапқа» бір құдалықтың көрінісін салып жіберіпті. Жардай жетпістен асқан балпаңдаған кеңетек кемпір (құдағи екен) аядай бөлмеде бүлдіршіндердің көз алдында аяқ-қолын ербең-ербең еткізіп, би билеп шаңдатты дейсің. Жараспайтын ерсі қылыққа бала-шаға мазақтап мәз, ал апамыз қатырдым деп мәз.. Ол ол ма, осы күнгі тойға ұяла баратын болдық. Соңғы рет аудан орталығындағы қыз ұзату тойында тағы сол жетпістегі құда он сегіздегі қызбен анау мынау емес «гангам стайлға» билеп, қадірменді ақсақал-әжелерді тобық жұтқандай етті. Ал жастар жағы қиқулап, делебесін қоздырып есі кеткенді есіртті. Содан іле ортаға шынашақтай бір алты-жеті жасар бала шығып, тоқсандағы абыздың жастарға айтар өсиетін ащы даусымен сарнап қоя берсін! Түрі анау, әлі аузынан ана сүті кеппеген, сөзі анау ақыл-өсиет... жараспайды-ау, жараспайды! Бірақ оған қыңбаймыз. Ерсі қылықты өзіміз жасаймыз, ұялмаймыз...

...Өткенде Нәкең (Нағашыбай Мұқатов) келіп күйінеді-ай: «Осы бір нәрсеге түсінбей-ақ қойдым. Облыстық филармонияда құдай берген дауысты, талантты бір әнші қарындасымыз бар. Менің соған қарадай қарыным ашады. Неге дейсіз ғой, әлгі қыз кіл қазақтың тойында, қазақ бас қосқан әр түрлі шараларда тек шет тілде ән айтады. Ән болғанда да табиғаты қазаққа жат, қай-қайдағы италиян, француз, испандардікі, солардың опералық арияларына ұқсайтын дүниелер. Қазақы орта қабылдай алмайды, ал қарындасымыздың онда шаруасы жоқ» ,– дейді.

Енді бір басшы әріптесім: «Осы бір дап-дардай ағамызға таңмын. Жасы сексенге таяп қалды. Тыныш жүре алмайды. Ойда жоқта салып ұрып келеді де, кім қандай қызметте жүр, неге жүр, неге жүреді дегеннен бастап, біздің ішкі-сыртқы жұмысымызға кірісіп, одан қалды қала, облыс кадр саясатына дейін баға беріп тастайды. Ананы былай, мынаны бұлай, болмаса жоғарыға барып айтайын деп сес көрсете, ақыр аяғы тау ғып үйіп нұсқау беріп кетеді», – деп мұңаяды.

Қазір үлкен-кіші ағайын өз шаруасымен айналысып қана, тып-тыныш өмір сүру мүмкін емес сияқты. Тыныштық жоқ. Мектепке бара жатқан оқушының екі құлағында құлаққап, бірдеңе тыңдап бара жатады.

Тіпті ерсілі-қарсылы ағылған көліктің шуы аз болғандай, орталық көшелерге радионы сарнатып қойды..

Келешекте жүйкемізге тыныштық жат болатын секілді...

Жұмысты жеделдету қажет

1-бет.

Алайда, цифрландыру бағдарламасының ауыл-аймақтарда орындалуы тиісті деңгейде емес. Кең жолақты интернетпен елді мекендердегі емдеу мекемелерінің тек 32 пайызы қамтылған. Дегенмен, жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 93 пайызға дейін жеткізу көзделген.

Облыс әкімі сала басшыларына «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын ойдағыдай орындаудың, медицина мекемелеріндегі материалдық-техникалық базаны нығайтудың маңыздылығына тоқталды. Сондай-ақ, ақпараттық технология дамыған заманда дәрігерлердің біліктілігі мен сауаттылығын арттыруды да тапсырды.

– Бұл мақсаттағы жұмыстарға немқұрайлы қарамай, жұмысты жеделдетіп, дәрігерлердің сауаттылығын арттыру қажет. Қарапайым ғана мысал, енді рецептпен берілетін дәрінің өзі компьютер арқылы жүзеге асырылады. Сонда маманның өзі компьютерді білмей тұрса, не болады? Сол себепті денсаулық сақтау басқармасының басшылығына цифрландыру жүйесін жүзеге асырудағы жұмыстарды күшейтуді тапсырамын, – деді облыс әкімі А.Мұхамбетов.

Әкім кешенді медициналық ақпараттандыру жүйесінде сылбырлық танытып отырған Жітіқара, Қарасу, Қарабалық аудандық ауруханаларының бас дәрігерлеріне де ескерту жасап, жұмысты жеделдетуді қадап тапсырды.

Суретті түсірген Б.КӨРКЕМБАЕВ.

КӘСІПКЕ ҚОЛДАУ

Ұн өндірушілердің мұңы

немесе сыртқы нарық неге жылыстап барады?

Әлібек ЫБЫРАЙ

Қостанайлық ұн шығарушылардың сыртқы нарықтан айырылып қалу қаупі бар. Бидай өңдейтін кәсіпорындардың дені бүгінде жабылаудың алдында тұр. Осылай деп дабыл қаққан ұн өндірушілер тығырықтан шығар жол іздеп, облыстық кәсіпкерлер палатасына жиналды.

Бұл жалғыз біздің облысқа ғана тән мәселе емес. Елдегі ұн өндірушілердің басым бөлігі банкротқа ұшыраймыз деп қауіптенеді. Сондықтан, ұн өндіруші бүкіл кәсіпкерлер жиылып, бейнебайланыс арқылы өзекті проблеманы шешудің жолдарын қарастырды.

– Біздің мақсатымыз – өңделген өнімдердің экспортын 2,5 есеге дейін ұлғайту, – деді «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы департментінің директоры Ербол Есенеев, – Алайда, қазір біз ауған нарығының жартысын жоғалтып алдық. Мәселені бұлай қалдыруға болмайды. Тұйықтан шығар жолды бәріміз бірлесіп шешпесек, ертең кеш болады.

Расын айтқанда, сыртқы нарықтың Қазақстаннан жылыстай бастауы 2011 жылдан басталған. Ал ұн өндірушілер тек өткен жылдан бері ғана дабыл қаға бастады.

– Сол жылдары Өзбекстан ұн шығару өндірісінің қуатын арттыра бастады. Әуелі бізден астық сатып алады, содан соң оны қайта өңдеп Ауғанстанға жөнелтеді. 2013 жылы тасымалдау бағасы 2-3 есе өсті. Содан соң экономика әлсіреді, вагондор да тұрып қалды...

Бұл нарық! Біз қазір бұл жолда не ұтыламыз, иә болмаса жеңіп шығамыз. Мәселен, менің қарамағымда 200 адам жұмыс істейді. Оларды сақтауым керек, – деді «Асалия» ЖШС директоры Дулат Шаяхметов.

Ал Солтүстік Қазақстан облысындағы «Тимирязев ұн шығару комбинаты» ЖШС бас директоры Иса Аллахяров Өзбекстанның шығарған өнімдері біздегіден анағұрлым арзан екендігін атап өтті. Қазақстандық ұн өндірушілер тауарларын бұлай арзандата алмайды, өйткені, барлық қызметтің тарифі өсіп кеткен. Мәселен, кәсіпкерлер электр энергиясы үшін 4 есе жоғары төлейді.

– Бұрын мен тұтынған электр энергиясы үшін 4 млн теңге төлесем, қазір ол 13 млн теңгеге жетті, – деді Иса Аллахяров, – Тасымалдау мәселесін шешеміз деп тағы біраз жүріп алдық. Өткен жылғы күзде нағыз коллапс болғанын білесіздер, экспортқа ұн жөнелтетін бүкіл вагон табан астында «жоғалып» кетті. Кәсіпкерлер мұны теміржолшылардың кінәсінен болғанын жақсы біледі. Проблема бүгінде әлі толық шешілген жоқ.

– Елімізде 300-дей кәсіпорын қалды, – деді өз сөзінде Ербол Есенеев. – Бұлай жалғаса берсе, күні ертең біздің сөрелерімізді Ресей мен Өзбек ұндары жаулап алады. Айтпақшы, мен сатылымда өзбек ұнын көрдім. Сондықтан, тауар өндірушілер тығырықтан шығар екі жол ұсынып отыр: біріншіден, шұғыл шара қолдану қажет, сосын өнім тасымалдау шығын субсидиялау.

– Біз нақты ұсыныстар әзірлеп, оны Үкіметке жолдауымыз керек, – деді облыстық кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Геннадий Кукоба, – Менің ойымша, жаңа нарық іздеуіміз қажет. Мәселен, Қытай. Ондағылар макарон, кондитер өнімдері сияқты дайын тауарларды сатып алуға дайын. Екінші бағыт, ол – астықты тереңдетіп өңдеу. Сон да ғана тиісті нәтижеге қол жеткізуіміз мүмкін.

Геннадий Кукобаның айтуынша, тиісті шара жақын арада қабылдануы бек-мүмкін.

САЯСАТ

Саясаткердің сандырағы

Жұматай КӘКІМЖАНОВ

Эстониялық орыс тілді "Спутник" сайтында Ресей Федерация кеңесінің Сыртқы істер жөніндегі комитетінің төрағасы Константин Косачевтің Қазақстанға қатысты айтқан пікірі негізге алынған мақала жарияланды. Мақала желісі аты аталған саясаткердің "Фейсбук" әлеуметтік желісіндегі парақшасында қалдырған жазбасы төңірегінде өрбіген екен. Косачев онда Ресей тарапының БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің қарауына жолдаған қарарын қолдамаған қазақстандықтардан мұндай әрекетті күтпегендігін ашына жазыпты:

"Өкінішке қарай, АҚШтың Сирияға бағыттаған соққысын "агрессиялық әрекет" есебінде қабылдауды талап еткен Ресейдің бастамасы аяқсыз қалды. Америка мен оның әскери серіктестері – Ұлыбритания мен Франция күткеніміздей қарсылықтарын білдірді. Ресей бастамасын тек, Қытай мен Боливия ғана қолдады. Ал Перу, Гвинея экваториясы, Эфиопия мен Қазақстан дауыс беруден бас тартуды ұйғарыпты. Соңғысының әрекеті біз үшін күтпеген, жағымсыз жаңалық болды".

Саясаткердің "санасыз" жазбасы оқырмандары арасында дүрбелең туғызып отырғанын айтпасқа амал жоқ. Арандатушы мақаланың астына саясаткердің орысшыл, ұлтшыл, теріс пиғылды отандастары Қазақ елін барынша қаралаған пікірлерін армансыз қалдырыпты. Мемлекетіміздің дипломатиялық ұстанымын сатқындыққа балағандары дереу арада екі ел арасындағы қарым-қатынасты үзіп, Қазақстанды одақ елдер қатарынан аластату қажеттігін жазыпты. Енді бір оқырман төл әліпбиімізді латын графикасына ауыстыруымыздан-ақ, "қазақтардың кімнің сойылын соғарын бағамдай бер" деп сәуегейсіпті.

Халықаралық дәрежедегі дипломаттың Қазақстанға қатысты мәлімдемесіне әріптестері "дұрыс" бағасын берер деп үміттенемін. Себебі, ресейлік саясаткердің "Қазақстан тарапы Біріккен Ұлттар Ұйымының отырысында мүлдем үнсіз қалды" деуі тіптен, қисынға келмейді. БҰҰ жанындағы Қазақстан Республикасының тұрақты өкілі Қайрат Омаровтың Сириядағы жағдайға арналған БҰҰ Қауіпсіздік

Кеңесінің отырысында тараптарды БҰҰ Жарғысын және халықаралық құқықты бұзбауға шақырғанын көз көрді, құлақ естіді.

"Қазақстан тараптарды БҰҰ Жарғысын және халықаралық құқықты бұзбауға шақырады. Біз Думадағы химиялық шабуылдарға қатысты жағдай бойынша БҰҰ ҚК мүшелері арасындағы бірліктің жоқтығына алаңдаймыз. Қазақстан химиялық қаруды қолдануды айыптайды және зерттеу жүргізу қажет деп есептейді", – деген еді Қайрат Омаров. Сондай-ақ ол Сириядағы жағдайды саяси реттеу жолдарын іздестіру бойынша Астана және Женева процесстерінің міндеттерін одан әрі қолдау керектігін мәлімдеді.

Кез келген мәселені қарумен емес, келіссөзбен шешу керек! Осы қағиданы берік ұстанған Қазақ елі Сирия мәселесінде де ұстанымынан жаңылмақ емес. Қарулы қақтығысты шешу мақсатында, БҰҰ ҚК осы жолғы отырысында да тараптарды келіссөзге шақырды. Ал, Ресейдің кейбір саясаткерлері мұны басқаша бағалап, екі ел арасындағы достыққа сызат түсірмекші.

Батыстың қос бүйірінен қысқан қаржылық бұғауынан бас көтере алмай отырған Ресейдің Кедендік одақтың күшімен, нақтылап айтқанда Беларуссия мен Қазақстанмен күшейіп, "күнелтіп" отырғаны баршаға мәлім. Бауырлас елі Украинамен қастасқан мемлекеттің құдайы көршілерінен безінсе, күнінің не боларын бұл саясаткерлер түсінеді. Түсінсе де, айтып отырған сөзі осы. Сондағы мақсаты не?! Осы жағы түсініксіз.

Қамқорлыққа кедергі бар ма?

1-бет

Ал, биылғы жылдың 1 шілдесінен бастап енгізілген өзгерістерге байланысты базалық зейнетақы да жаңа жүйе бойынша төленетін болады. Қазіргі таңда осыған байланысты тиісті жұмыстар атқарылып жатыр, – дейді департамент басшысы М.Мұратбеков.

Әлеуметтік қолдаудан мүмкіндігі шектеулі кісілер де шет қалмады. Ағымдағы жылы мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған азаматтарға төленетін жәрдемақы мөлшері 15,6 пайызға артып, 29 699 теңгені құрады. Жалпы, облыста 27 831 мүмкіндігі шектеулі жан болса, соның 9 пайызы 1-ші топтағы мүгедектер, 42 пайызы 2- ші топта, қалғаны 3-ші топқа жатады. Ведомство басшысы оларды жұмысқа орналастыру, дәрі-дәрмектермен қамту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқандығын айтады. Әсіресе, мүгедектерді әлеуметтік қамтуда үнемі мемлекеттік бақылау жүргізіліп отырады. Соның нәтижесінде, өңірде көптеген ғимараттарда мүгедек жандардың жүріп-тұруына жағдай жасалмағандығы анықталған. Былтыр нысандарға 87 тексеріс жүргізілсе, оның тең жартысында заң талаптары орындалмаған. Мәселен, өңірдегі 420 білім беру мекемесінің тек 36 пайызында ғана мүмкіндігі шектеулі жандардың жүріп-тұруына жағдай жасалған екен. Ал, 187 денсаулық сақтау саласы бойынша ғимараттардың 34 пайызы, ХҚКО -33 пайызы, "Қазпошта" бөлімшелерінің 67 пайызы қолжетімсіз көрінеді.

– Біз күнделікті сұранысқа ие нысандардың мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қолжетімсіз екендігін анықтадық. Сондықтан, тиісті мекеме, ұйым басшыларынан осы мәселелерді қолға алып, немқұрайлылық танытпауын сұраймыз. Ал, ескертуге құлақ аспаған мекемелерге 50 АЕК, шағын бизнес нысандарына – 120 АЕК, орта бизнес нысандарына – 200 АЕК және ірі бизнес нысандарына 400 АЕК көлемінде айыппұл төленетінін ұмытпаңыздар. Сондай-ақ, мүмкіндігі шектеулі жандарға айтарымыз, осындай олқылықтарды анықтасаңыздар, жазбаша түрде біздің департаментке өтініш жазуларыңызға болады. Ал, өтінішсіз мекемені тексере алмаймыз, – дейді департамент басшысы М.Мұратбеков.

ДЕНСАУЛЫҚ

Азайып барамыз

Қарлығаш ОСПАНОВА

Соңғы бес жыл ішінде өңірде туу көрсеткіші төмендеген. Орташа алғанда, жыл сайын туу көрсеткіші 500 нәрестеге азайған. Ал, өткен жылы алғаш рет нәрестелер саны 802-ге күрт төмендеп кеткен. 2016 жылы 12 535 бала, ал 2017 жылы 11 733 бала дүниеге келген. Бұл туралы облыс әкімінің қатысуымен өткен алқа отырысында облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Е.Слободенюк мәлімдеді.

– Аналарымыздың перинаталдық кезеңдегі жағдайы туу көрсеткішінің төмен болуының басты себебі болып отыр. Ал, сәби өлімінің үлесі биыл 12,3 пайызды құрады. Былтыр 0-5 жас аралығындағы 144 бала көз жұмды. Оның ішінде өмірден өткен 124 баланың жасы 1-ге толмаған. Бала өлімінің көрсеткіші Арқалық қаласы, Таран және Әулиекөл аудандарында жоғары. Осылайша, өткен жылы облыс тұрғындарының саны 6,7 пайызға кеміген. Дегенмен, бала өлімінің алдын алу мақсатында тиісті жұмыстарды қолға алып жатырмыз. Әсіресе, кадрлардың білімін жетілдіруге, ауруханалардағы туу бөлімшелерінің материалдық базасын нығайтуға ерекше көңіл бөлінген. Осы орайда, өңірдің 105 педиатр мен акушер-гинекологтары еліміздің ең мықты деген емханаларында, тіпті шетелде білімдерін жетілдіріп келді. Мұның сыртында қаламыздағы перинаталдық орталық базасында да өңірдегі 407 маман оқытылды, – дейді Екатерина Слободенюк.

Облыс әкімі бала өлімі бойынша жоғары көрсеткішті құрап отырған жоғарыда аты аталған өңірлердің бас дәрігерлеріне қатаң сөгіс жариялап, сала басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Бұдан бөлек, өңірде АИТВ (ВИЧ) жұқтырған адамдардың саны да үш есеге өскен. 2018 жылдан бастап ЖИТС, туберкулез және безгекпен күрес жөніндегі Ғаламдық қоры Қостанай облысында АИТВ індетін жұқтырған адамдарға жедел-тест, шприцтер мен мүшеқаптар сатып алуға ақша бөлуді тоқтатқан. Сондықтан облыстық СПИД-ке қарсы күрес орталығына шамамен қосымша 144,7 млн теңге қаражат қажет көрінеді.

275 дәрігер керек

Облыстың денсаулық сақтау саласындағы кезек күттірмейтін проблемалардың бірі – кадр тапшылығы. Облыс бойынша бүгінде үш жүзге жуық дәрігер жетіспейді, соның ішінде 74 маман ауылдық жерлерде қат. Бұл туралы облыс әкімінің қатысуымен өткен алқа отырысында облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Е.Дәуітбаев мәлім етті.

Денсаулық саласындағы кадр мәселесі күн тәрбінен түскен емес. Бұл проблеманы шешу мақсатында жергілікті билік тарапынан да көптеген жұмыстар қолға алынып жатыр. Өңірге медицина мамандарын тарту үшін, яғни, оларға бір реттік көтерме жәрдемақы төлеу үшін облыс бюджетінен 2017-2018 жылдарға 150 млн теңге бөлінген. Биылдың өзінде облыс әкімінің тікелей қолдауының арқасында осы саладағы дәрігерлерді салалық мамандықтар бойынша оқытуға 100 грант бөлініп отыр. Қазірдің өзінде резиденттерге 80 грант бөлінген, ал дәрігер мамандығын таңдаған жастарға тағы 20 грант бөлінбек. Сондай-ақ, мұның сыртында "Дипломмен – ауылға!" бағдарламасы тағы бар.

– Дегенмен, бұл бағдарламаның мүмкіндігін денсаулық сақтау саласы ұтымды пайдалана алмай келеді. Елді мекендерге 74 маман ауадай қажет. Жас мамандарға көтерме жәрдемақы төлеу, баспанамен қамту жолында кешенді жұмыстар жүргізілсін. Ауыл түгілі, қалада да акушер-гинеколог, педиатор, неонатолог, реаниматолог-анестезиолог мамандары жетіспейді екен. Бұл үлкен мәселе. Оқу бітірген жас мамандардан бөлек, өзге өңірлерден тәжірибелі дәрігерлерді де тартқан жөн. Әулиекөл, Жітіқара аудандарында жас мамандарды тарту үшін тұрғын үймен қамтамасыз етуді қарастыру керек. Бұл тұрғыдағы жұмыстар Қамысты, Науырзым, Қарасу, Таран, Ұзынкөл аудандары мен Қашар кентінде жақсы қолға алынған. Неге осы өңірлер сияқты жұмыс істеместе? Демек, сылбыр жұмыс істеп жатырсыздар, сондықтан Әулиекөл мен Жітіқараға осы мәселені қолға алуды қатаң ескертемін, – деді облыс әкімі А.Мұхамбетов.

Сонымен қатар, әкім сала басшыларына бүгінгі таңда әсіресе ауылдық жерлерде амбулаториялар мен фельдшерлік-акушерлік пунттер салуға, стамотологиялық кабинеттер сияқты шағын денсаулық нысандарын ашуға мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті тарту қажеттігін тілге тиек етті. Яғни, мемлекеттік-жекеменшік серіктестікті денсаулық сақтау саласындағы инфрақұрылымдық жобаларға инвестициялар тарту, халыққа көрсетілетін медициналық көмектің сапасын жақсартудың жолы ретінде қарастыру керектігін де ескертті. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік механизмі аясында өңірдегі кейбір емдеу мекемелерінің ажары кіріп, медициналық қондырғылармен жабдықталуда. Биыл Затобол мен Рудный қаласында екі емхананың құрылысы басталады. Былтыр 378 млн теңгеге үш денсаулық сақтау мекемесі жөнделген еді.

Нәтижелі қадам – дәйекті даму

100 нақты қадам

«Әлеуметтік көмекті оның атаулы сипатын күшейте отырып, оңтайландыру. Әлеуметтік көмек тек оған шынымен зәру азаматтарға ғана берілетін болады. Кірісі төмен еңбекке қабілетті азаматтарға мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тек олардың еңбекке ықпал ету және әлеуметтік бейімдеу бағдарламаларына белсенді қатысуы жағдайында ғана берілетін болады».

Н.Ә.Назарбаев, Қазақстан Республикасының Президенті.
«100 нақты қадам» Ұлт жоспары. 84-қадам.

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт жоспары елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын қайта жаңғыртуға бағытталған. Басты мақсат – халықтың тұрмыс деңгейін көтеру, жұмыспен қамтуды арттырып, кедейшілік деңгейін төмендету, тұрмысы төмен отбасыларды өмір сүру деңгейін жақсартуға ынталандыру, экономикалық мүмкіндіктерді кеңейту.

Президент пәрменіне сай 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде атаулы әлеуметтік көмектің жаңа тәсілінің енгізілгені белгілі. Жаңа жүйе Арқалық қаласында қалай жүзеге асуда? Біз осы мақсатпен тиісті орындарға ат басын бұрған едік.

2018 жылдың 1 тоқсанында Арқалық қаласы бойынша атаулы әлеуметтік көмек алуға тапсырылған 280 құжаттың 228-і мақұлданған. Нәтижесінде барлығы 1048 адамға әлеуметтік көмек көрсетіліп, мемлекет қазынасынан 12 млн 315 мың 769 теңге қаражат жұмсалған.

Күлбақыт ОМАРОВА, «Арқалық қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ басшысы:

– Ел ертеңіне сенім ұялатқан маңызды құжатқа байланысты дайындық жұмыстарын біз ерте бастан қолға алдық. Ауыл және ауылдық округтерде халықпен арнайы кездесулер өткізіп, атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа тәсілдерін кеңінен қамтып түсіндірдік.

Атап айтқанда, жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмек табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 50%-нан төмен отбасыларға шартсыз немесе шартты ақшалай көмек түрінде тағайындалады.

Шартсыз атаулы әлеуметтік көмек құрамында еңбекке жарамсыз мүшелері бар отбасыларға немесе еңбекке жарамды мүшелері жұмыспен қамту шараларына белгілі бір себептермен қатыса алмайтын аз қамтылған отбасыларға беріледі.

Мұндай аз қамтылған отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек қандай да бір шартсыз тоқсан сайын тағайындалып, әлеуметтік төлемдер ай сайын төленеді.

Шартты атаулы әлеуметтік көмек құрамында еңбекке қабілетті мүшелері бар аз қамтылған отбасыларға немесе еңбекке жарамды аз қамтылған азаматтарға ұсынылады, бұл орайда қойылатын шарт – жұмыспен қамтудың белсенді шараларына олардың міндетті түрде қатысуы керек.

Осы мақсатта әлеуметтік қызметтер мен қызмет алушылар арасында әлеуметтік келісім-шарт жасалады. Әлеуметтік келісім-шарт 6 айға жасалады және оны тағы 6 айға дейін создыру мүмкіндігі беріледі.

Жалпы, мамандардың айтуынша жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмек дегеніміз – тұрмысы төмен отбасыларға бұған дейін көрсетіліп келген қолдаудың үш түрін бір қызметпен ұсыну. Яғни, үкімет бұрынғыдай халыққа тек атаулы әлеуметтік көмек төлеп қана қоймай, мемлекет тарапынан жұмысқа тұруға, отбасы мүшелерін мемлекет есебінен оқуға жіберуге, жастар тәжірибесіне, әлеуметтік жұмыс орындарына және қоғамдық жұмыстарға тарту шаралары кеңінен қарастырылады, сондай-ақ жеке ісін ашуға немесе бизнесін кеңейтуге шағын несиелер беріледі. Егер, отбасындағы адамдар қиын жағдайларға тап болып жатса, үкіметтік емес ұйымдар, әлеуметтік қызметкерлер және медициналық-әлеуметтік ұйымдар тарапынан мемлекет кепілдік берген арнаулы қызметтер көрсетіледі.

Аталған бөліммен «Арқалық қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту орталығы» КММ нақты іс шеңберінде жұмыс істейді.

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап орталықта атаулы әлеуметтік көмек төлемдерін жүзеге асыру үшін арнаулы мамандар іске жұмылдырылған. Өз істеріне тыңғылықты жігерлі жас мамандар жаңашыл істі зор ынтамен атқаруда.

Ерлан ҚАЙРАТҰЛЫ, әлеуметтік кеңесші:

– Жаңа жүйеге сай әлеуметтік көмек тек оған шынымен зәру жандарға ғана беріледі, кірісі төмен еңбекке қабілетті азаматтарға мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тек олардың еңбекке ықпал етуі және әлеуметтік бейімдеу бағдарламаларына белсенді қатысуы жағдайында ғана қарастырылған.

Жаңадан құрылған тұрақты және маусымдық бос жұмыс орындарына бірінші кезекте атаулы әлеуметтік көмек алушылардың қатарындағы жұмыссыздар тартылады.

Жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмектер бұған дейін беріліп келген мөлшерден кем болмауы үшін кедейшілік шегінің пайыздық көрсеткіштері көтерілуде. Бұл ретте атаулы әлеуметтік көмек әрбір отбасы мүшесіне тағайындалып, мемлекет тарапынан жәрдем алушылар құжаттарын бір ғана пакетпен тек жергілікті органға ғана тапсырады.

Маржан ТАҢАТҚАНҚЫЗЫ, әлеуметтік кеңесші:

– Жаңа атаулы әлеуметтік көмекке құжаттар тапсырғанда әрбір жанұя мүшелерінің толық құжаттарын қабылдап алғаннан кейін учаскелік комиссия отырысы болады. Қала әкімі бекіткен комиссия мүшелері құжат тапсырған тұрғындардың үйлеріне барып, материалдық жағдайларын анықтайды. Егер, құжат тапсырушы көрсетілген мекенжай бойынша тұрмайтын болса немесе тұрғын үй тіркеуінде өзге де тұрып жатқан адамдар болатын болса ол кісіге көмек көрсетілуден бас тартылады.

Негізгі мақсат – халықты кедейшілік деңгейінен шығару. Атаулы әлеуметтік көмек тұрғын үй тіркеуінде қанша адам болса солардың барлығына төленеді. Жан басына шаққандағы кірісті есептеу 2018 жылдың қаңтар айында 11 мың 135 теңгені құраса, қазір сәуір айында 11 мың 915 теңгеге ұлғайып отыр.

Атаулы көмек тағайындау үшін үш айдың кірісі есептеледі. Құжаттардың электронды көшірмесін жасап, ортақ базаға енгіземіз. Әрі қарай база өзі есептеп шығарады.

Гүлжан ЖҰМАБЕККЫЗЫ, қоғамдық қызметкер:

– Атаулы әлеуметтік көмекке құжат тапсыру үшін әр адамның жеке куәлігі, балалардың туу туралы куәлігі, мекен - жай анықтамасы, неке қию куәлігі қажет. Мектеп жасындағы балалары, студент балалары болса оқу орындарынан анықтама сұралады.

Жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмектің тағы бір ерекшелігі егер отбасындағы азаматтар еңбек етуге қабілетті болса, онда көмек әлеуметтік жұмыс ұсыну аясындағы келісім-шарт негізінде жасалады. Бұл ретте отбасының еңбек етуге қабілетті мүшелері жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысуға міндетті болады. Егер, еңбек етуге қабілетті азаматтар мұндай шаралардан бас тартатын болса, онда атаулы әлеуметтік көмек тек отбасындағы балаларға ғана тағайындалатын болады.

Шыңғыс ЕРСАЙЫНҰЛЫ, әлеуметтік көмекші:

– Тараптар әлеуметтік келісім-шартқа қол қоя отырып, өзара міндеттер алады. Әлеуметтік қызметтер – жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге күш салуға және төлемдерді төлеуге, ал отбасының еңбекке қабілетті мүшелері – отбасын аз қамтылған топ құрамынан шығаруға бағытталған әлеуметтік бейімдеу мен жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына адал қатысуға міндеттенеді.

Аз қамтылған отбасының еңбекке қабілетті мүшелері мемлекет есебінен оқуға жіберіледі, жастар тәжірибесіне, әлеуметтік жұмыс орындарына және қоғамдық жұмыстарға орналастырылады, сондай-ақ жеке ісін ашуға немесе бизнесін кеңейтуге шағын несие беріледі.

Келешекте жұмысқа қабілетті әлеуметтік көмек алатын азаматтардың 70% жұмыспен қамту арқылы кедейшілік деңгейін төмендету нәтижесіне жету, сонымен қатар әлеуметтік масылдықтың алдын алу және дәлелді себептерімен өздерін табыспен қамтамасыз ете алмайтын мұқтаж азаматтарға төменгі өмір деңгейі мемлекеттік стандарттарын іске асыруды қамтамасыз ету мақсаттары көзделген.

Ақшолпан ЕСМҰРАТОВА, бағдарламаға қатысушы:

– Бұрын жұмыс істемеген едім. Екі баламен үйде отырған жалғызбасты анамын. Биылғы жылдың ақпан айында қалалық жұмыспен қамту орталығы мені жұмысқа орналастырды. Өте жақсы болды. Қазір қаладағы №12 жатақханада бақылаушы болып жұмыс істеймін.

Біз сияқты қоғамның қамқорлығына зәру жандарға мемлекет тарапынан нақты көмектер көрсетіліп, қарайласып жатқандарына алғысымды білдіремін.

Осылайша, арқалықтықтар да жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмектің арқасында үкіметтің кедейлік деңгейінен шығаруға бағытталған кешенді қолдауына ие болуда.

Айта кететін бір жайт, ауылдық жерлерде ірі қара басы отбасына 34 мың теңге кіріс көзі болып белгіленген. Жақында қала әкімінің қаулысымен оны 50%- ға көтеру көзделіп отыр. Яғни, бір малдан есептелетін кіріс көзі 17 мың теңгеге дейін шегеріледі деп күтілуде. Бұл халыққа үлкен көмек болар еді. Қазіргі таңда екінші тоқсанға құжаттар қабылдануда.

2018 жылдың 1 тоқсанының қорытындысы бойынша тұрақты жұмыс орнына 15, әлеуметтік жұмыс орнына 8, жастар тәжірибесіне 1, қоғамдық жұмысқа 36, қысқа мерзімде оқытуға (монтер, оператор, тігінші, дәнекерлеуші, шаштараз) 6 адам жіберілді.

Нақты қадаммен нақты дамуға бетбұрыс алған игі шаралар одан әрі жалғасуда.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕРДЕ: Қала көріністері, басшы-мамандар және бағдарлама қатысушысы.
Суреттерді түсірген автор.

ЖАСТАР ІСІ

Жастардың жаңа әлемі

Айтолқын АЙҚАДАМОВА

Астана төрінде "Жас Отан" Жастар қанатының IV съезі өтті. Оған еліміздің әр өңірінен 1500-ден астам делегат арнайы барып, қатысып, пікір алмасып қайтты. Жастардың айтуынша бұл басқосу өзгеше өткен. Бәрінің айтары бір – жаңа форматта ұйымдастырылған іс-шара лебі де басқаша болғандай. Әр өңірден келген жастардың айтары да, қосары да, өзіне алары да көп болыпты. "Jas Otan conf" атты конференция да өткен. Сонымен қатар бес панельдік сессия жұмыс істеп, қатысушылар ғылым, білім, инновация, кәсіпкерлікті дамыту, цифрландыру және саламатты ұлт қалыптастыру ісіне қатысты өзекті мәселелер мен Елбасының "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" мақаласындағы басым бағыттарды жүзеге асыру барысын кеңінен талқылап, өз ойларын да қоса отырған. Бұл жиынға біздің өңірден жастардың басын қосқан бір топ делегат та барып қайтқан еді.

– Съездің салтанатты ашылуында "Жас Отан" Жастар қанатының төрағасы Данияр Сүндетбаев атқарылған жұмыстарға тоқталып, баяндама жасады. Сонымен қатар, бұл жиында сайлауда жеңіске жеткен Орталық кеңестің жаңа мүшелерінің есімдері белгілі болды. Осыдан кейін "Жас Отан" жастары топтарға бөлініп, түрлі тақырыптарда пікір алмасуға жол ашты. Атап айтқанда, съезд делегаттары "Рухани жаңғыру", "Цифрлы Қазақстан", "Қазақстанда жасалған", "Білім. Ғылым. Инновация" және "Саламатты ұлт" тақырыптарында ұйымдастырылған сессияларға қатысты. Осы басқосуларда түрлі мәселелер қаралып, өзекті тақырыптар көтерілді десе де болады. Әр сессия жұмысына спикер ретінде орталық мемлекеттік орган басшылары, белгілі саясаттанушылар мен қоғам қайраткерлері қатысып, жастармен еркін әрі емен-жарқын пікірлесті. Әрине, Астана төрінде өткен съездің басты мақсаты – Елбасының игі бастамаларын жүзеге асыру, осы іске жастарды жұмылдыру, – дейді "Жас Отан" жастар қанатының Қостанай облысындағы филиалының жетекшісі Ерлан Төлетаев.

Жастар бас қосқандықтан болар оның әр күні қызықты етіп нақты жоспарланып, түрлі форматты қамтыған. Мысалы, бірінші күні ойын түрінде өткізілгені жастарды да қуантса керек. Бірнеше командаларға бөлінген олар өздерін көрсету арқылы балл жинап отырған. Осының арқасында жобалар дүниеге келіп, үздіктері марапатқа ие болған.

– Жаңа форматтағы бұл съездің біздер үшін берері көп болды. Маған еркін пікір алмасуға мүмкіндік бергені қатты ұнады. Мұндай басқосулар жастардың әлеуетін толық айқындауға жол ашатыны да рас. Қазірдің өзінде өз ұсыныстары мен жобаларын ортаға салып, белсенділік танытып жатқан жастар баршылық. Ұйымдастырушылар өз сөздерінде "Алдағы уақытта осы съезд аясында айтылған барлық идеялар мен ұсынылған жобаларды тиісті мемлекеттік деңгейде жүзеге асыруға күш жұмсаймыз. Сондықтан бұл съезді "Жас Отан" Жастар қанатының жаңғыру символы деп айтуға толық негіз бар" деген еді. Бұл біздер үшін тамаша тарту болды, – дейді Ерлан Төлетаев.

Сессия барысында рухани жаңғыру ең алдымен ұлттық құндылықтарды дәріптеу екеніне басымдылық берілген. Сонымен қатар, Назарбаев университетінде "Білім. Ғылым. Инновация" сессиясы өткен. Онда ақпараттық технология, цифрландыру, жасанды интеллект, төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында қазақстандықтардың өмірін одан әрі жақсарту сияқты мәселелер қаралып, "Цифрлы Қазақстан" сессиясының басты тақырыбы болған. Жасотандықтарды кибершабуыл, отандық криптовалюта, электронды коммерция, жас мамандардың шетелге кетуі сияқты мәселелер қызықтырған.

"Қазақстанда жасалған" атты сессияда жастар арасындағы кәсіпкерлікті дамыту мәселесі кеңінен сөз болып, "Мемлекеттік сатып алуларда" жас кәсіпкерлердің өнімдерін алуға басымдық беру бастамасы көтерілген. Ал "Саламатты ұлт" сессиясында съезд делегаттары қазіргі таңда қазақстандықтардың денсаулығына кері әсерін тигізіп отырған факторларға тоқталып, олардың алдын алу тетіктерін қарастырды. Өйткені, бүгінгі жаһандану жағдайында бәсекеге қабілетті болудың басты талабы саламатты ұлт қалыптастыру. Сондықтан жасотандықтар бұл мәселеге ерекше көңіл бөліп, тұтас бір сессия жұмысын осы тақырыпқа арнаған.

Айта кетейік, съезд алғаш рет VR, яғни, виртуалды шындық форматында онлайн көрсетіліп отырды. Соның нәтижесінде, сессиялар жұмысын қазақстандық жастар ғана емес, әлемнің барлық интернет қолданушысы көруге мүмкіндік алды. Бұл – биылғы съездің басты ерекшеліктерінің бірі десе де болады.

– Бұл съездің орны бөлек болды. Қай жағынан алып қарасақ та қызықты өтті. Тек форматы ғана емес, отырыста қаралған мәселелері де өте ауқымды, бүгінгі талапқа сай еді. Ең бастысы Елбасымыздың бес әлеуметтік бастамасындағы басым бағыттарды жүзеге асыруда жастардың рөліне ерекше мән беріле отырып, "Рухани жаңғыру" бағдарламасындағы игі бастамалар талқыға алынды. Елбасымыздың бес әлеуметтік бастамасын жүзеге асырудағы жастардың рөліне ерекше мән бергені барлық жастардың көңілінен шығып жатты. Беделді спикерлердің қатысып, тәжірибелерімен бөліскенінің өзі неге тұрады. Әр жұмысқа емін еркін қатысып, өзімізге қажеттіні алуға жол ашылды. Бізден барған делегаттар сондай әсермен оралды. Қазіргі кезде осы басқосуда айтылған мәселелерді жүзеге асыру жолында еңбек етіп, жұмыстарды қолға алып жатырмыз. Осының бәрі жастар саясатының әлемдік деңгейге көтерілуіне айтарлықтай жағдай болары сөзсіз, – дейді Ерлан Төлетаев.

Даму өзегі – STEM жүйесінде

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ

Рудный қаласында №2 гимназия мен Құрылыс және көлік колледжінің оқушылары машина құрастырудан шеберлік сабақтарын алды.

Мұндай бірегей мүмкіндікті ERG компаниясының қолдауымен STEM оқыту жүйесі ұсынып отыр. STEM аббревиатурасы ағылшын тіліндегі ғылым, техника, машина жасау және математика сөздерінің алғашқы әрпінен алынған. Осы бағыттағы өндірістік зертхана кеншілер шаһарының 3 мектебінде жұмыс істейді. Жобаның басты мақсаты – оқушыларды нақты ғылымдарды игеруге, технологиямен айналысуға бағыт-бағдар беру.

– Біз оқушыларды өз білімдерін пайдалана білуге үйретеміз. Біліктілік дағдыларын қалыптастырамыз. Мұнда олар инженерлік математика, робототық техника, 3D үлгісінің бағдарламасы мен түрлі модель бағытында ғылыми жобалар жасаумен айналысады. Соған сәйкес балалар катапульттердің, крандар мен экскаваторлардың модельдерін өздері жасайтын болады. Осы тұрғыдан алғанда, даму өзегі – STEM жүйесінде, – дейді "Болашақ инжиниринг" ЖШС педагогы Армат Сержанов.

Бірінші күні жастар 4 топқа бөлініп, өздеріне берілген сызбанұсқа мен заттарды пайдаланып кеніш экскаваторының прототипін құрастырды. Жобаның екінші күнінде олар кенді байыту және дайындау фабрикасының жұмысымен жақынырақ танысып, технологиялық үрдісті моделдейтін болады.

ӘЛЕУМЕТТІК КЕПІЛДІК

Мобильдік кеңсе

"БЖЗҚ" АҚ өзінің 2017-2021 жылдарға арналған Корпоративтік даму стратегиясы аясында салымшыларға көрсететін қызметтерінің сапасын арттыра отырып, оларға зейнетақы жинақтарын қалыптастыруға ұйымдық тұрғыдан көмек көрсетеді.

Қордың басты міндеттерінің бірі – зейнетақы қызметтерін алуды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының азаматтарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға барлық қажетті жағдайларды жасауға ұмтылу.

Осылайша, 2018 жылдың екінші жартысында "Мобильдік кеңсе" жобасы іске қосылады. Ондағы мақсат – шалғайда орналасқан елді мекендерде, сондай-ақ Қордың бөлімшелері жоқ аудандарда зейнетақы қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Айта кетелік, Қор қазірдің өзінде тұрғындарға көшпелі қызмет көрсетіп жатыр. Егер салымшы (алушы) қандай да бір себептен, бірінші кезекте денсаулығына байланысты БЖЗҚ кеңсесіне келе алмайтын болса, онда Қор қызметкерлері оған өздері келеді. 2017 жылы 7 094 көшпелі шара өткізіліп, 189,5 мыңнан астам операция жүзеге асырылды. 2018 жылдың қаңтар және ақпан айларында мобильдік топтар 1 285 рет сапарға шығып, 30 мыңнан астам операцияны жүзеге асырды.

Егер қазір мобильдік агенттер салымшыларға портативтік компьютер және тиісті құжаттар бумасын алып баратын болса, "Мобильдік кеңсе" барлық қажетті техникалармен және жерсеріктік байланыспен жабдықталады.

Бұл ретте жүріп-тұру үшін ГАЗельNEXT базасында жасалған, жерсеріктік жабдықтары бар, заманауи жоғары технологиялық шағын автобус пайдаланылады. Оның жұмыс бөлігі операторларға арналған автоматтандырылған екі жұмыс орнымен және азаматтарға арналған екі орынмен жарақтандырылған. Қосымша ретінде кезек күтушілер үшін үш кісілік орындық қарастырылған. Бұл шағын автобус барлық қызметтерді онлайн тәртібінде көрсететін өзіндік бір жылжымалы дербес қызмет көрсету орталығы болады.

Осы қанатқақты жоба аясында Қазақстанның үш өңірі – Алматы, Атырау және Қостанай облысының тұрғындарына қызмет көрсетіледі. Бұл өңірлер бірінші кезекте климаттық, жағрафиялық және аумақтық жағдайларына байланысты таңдап алынды. Мысалы, Қостанай өңірінде облыс орталығынан шалғайда орналасқан аудандар мен елді мекендер көп.

Алматы облысы Қазақстанның басқа өңірлерінен елді мекендерінің көптігімен және халқының тығыз орналасқандығымен ерекшеленеді. Ал Атырауда бұл қанатқақты жоба жергілікті тұрғындардың көпшілігінің мұнай және газ саласындағы компанияларда жұмыс істейтіндігіне байланысты іске қосылды. Бұл компаниялар әдетте елді мекендерден жырақта орналасқан.

"Мобильдік кеңсенің" жолға шығуы арнайы кесте бойынша жүзеге асырылады. Оның жүру бағыттары жергілікті әкімдікпен алдын ала келісіледі және салымшылар мен алушылар оның келу уақытын алдын ала біліп отырады.

Қанатқақты жобалар аясында атқарылған жұмыстардың тиімділігін бағалау нәтижесі бойынша Қор басшылығы шалғай жерлерде орналасқан шағын ауылдардың тұрғындарына әрі қарай көшпелі қызмет көрсету туралы нақты шешім қабылдайды.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда "ГНПФ" ЖЗҚ" АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің "Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті" ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес, БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жайкүйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Білімді ұрпақ – болашақ кепілі

"Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді."

Н.Ә.НАЗАРБАЕВ.

Ел Президенті аталмыш тұғырнамасында білім, ғылымға ерекше басымдық беріп отыр. "Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі", – деген. Н.Ә.Назарбаев "Мәңгілік ел" болуға қадам басқан тәуелсіз Қазақстанның ендігі жаһандану алдында ұлт ретінде жойылып кетпеуі үшін ұлттық кодын сақтаған, терең білімді, бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген ақыл-ойы кемел тұлға болуына маңыз береді. Осы бағдарда ол бабалар ұлағатымен астасып жатқан зерделі ойы мен парасатты пайымын білдіреді: "Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Елбасы Н.Ә.Назарбаев "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты бағдарламалық мақаласында тарихтың өткеніне көз жүгіртіп, жаңа тарихи кезеңдерге жан-жақты баға бере отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің парасатты пікірлері мен көзқарасын білдірді.

Елбасының "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Ал, ұлттық жаңғыру дегеніміз – ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісімді үйлестіру, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс. Сондықтан, рухани жаңғыру үдерісін дер кезінде қабылданған оң шешім деп танимыз. Осы рухани жаңғырудың жүзеге асырылуын біз және сіз болып, "Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып" бәсекеге қабілетті, әлемдік деңгейде танылған әрі дамыған рухани кемел ел болуымыз үшін талпынуымыз керек. Ал барлық саланың қарыштап дамып, өркендеп өсуі – білім мен ғылымның даму қарқынына тәуелді. "Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық XXI ғасырға лайықты ұлттық қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, "Цифрлы Қазақстан", "Үш тілде білім беру", "Мәдени және конфессияаралық келісім" сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды XXI ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы", – деп ашып көрсетеді. Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс. Латын әліпбиіне көшу – Мәңгілік Елдің рухани жаңғыруының басы болса, "Туған жер" бағдарламасы жаңа ғасырдағы әлемдік, өңірлік, ішкі-сыртқы тәуекелдерге қарсы тұра алатын отаншылдық тәрбиенің, ұлтжандылықтың кепілі болмақ.

Ендеше, рухани жаңару арқылы әлем мойындар табысты ел болып, жарқын болашаққа деген сенім мен үмітті үндестіре отырып, баршамыз бірлік туы астында бақытқа бірге жетейік!

А.ДОСМУРЗИНА,
Әулиекөл кешкі орта жалпы білім беретін мектебінің мұғалімі.

100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ

Жастарға серпін берер жоба

Ел болашағы жастардың білім алуына, алдыңғы қатарлы мемлекеттердің озық тәжірибелерін оқу үрдісіне енгізу бағытында атқарылуы тиіс жұмыстар Елбасының "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" бағдарламасында тізбектеліп айтылған. Сондықтан, Мемлекет басшысы "100 жаңа оқулық" жобасын қолға алуды тапсырды. Гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүниежүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасау – алдағы бірнеше жылдың үдесіндегі міндет.

Аталған жобаның мазмұнына үңілсек, студенттер тарих, саясаттану, социология, философия, психология, мәдениеттану және филология бойынша жаңа кітаптардан білім нәрін алады. Жоба жастарға тың серпін беретін басым бағыттардың біріне айналмақ. Аталмыш жоба әлемдегі таңдаулы оқулықтарды қазақ тіліне аударып, оқу үрдісіне енгізеді. Сөйтіп, ең бастысы, жастардың гуманитарлық салаға деген қызығушылығын арттыра түсері хақ.

100 оқулық айрықша сараптамадан өтеді. Бұл оқулықтар әлемдік ТОП-100 рейтингіне кіреді. Әлемнің беделді университеттерінде қолданылып келе жатқан кітаптар соңғы 3 жылда кемінде 3 рет қайта басылып шықты. Себебі, оларға деген сұраныс жоғары.

Елбасының сарабдал саясаты мен ұлт жолындағы ұстанымдары болашаққа бағдар көрсетумен қатар алдағы рухани дамуымыздың өзегіне айналарына сенім зор. Осы оқулықтармен бірге бейне дәрістердің қатар жүретіні қуантады. Қазірдің өзінде ұсынылған 18 кітаптың 16-сы – ағылшын, 1 – француз, 1 – орыс тілдерінен аударылды. Түпнұсқадан тікелей аударылған оқулықтардың мазмұны дәлме-дәл сақталады. Бұл студенттер үшін жақсы мүмкіндік.

